



**«АГРАРЛЫҚ НЕСИЕ КОРПОРАЦИЯСЫ»
АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫНЫҢ
(«Аграрлық несиелік корпорациясы» АҚ)**

**БІРІНШІ ОБЛИГАЦИЯЛЫҚ БАҒДАРЛАМА
ШЕГІНДЕ ОБЛИГАЦИЯЛАРДЫҢ ЕКІНШІ
ШЫҒАРЫЛЫМЫ ПРОСПЕКТИСІ**

**жалпы сомасы 3 000 000 000 теңге
саны 3 000 000 дана**

Облигациялық бағдарламаның ақшалай құны – 6 000 000 000 (алты миллиард) теңге

Уәкілетті органның облигациялар шығарылымын мемлекеттік тіркеу шығарылым проспектісінде жазылған облигацияларды сатып алуға қатысты инвесторларға қандай да болмасын ұсыным беруді білдірмейді. Облигациялар шығарылымын мемлекеттік тіркеуді жүзеге асырушы уәкілетті орган осы құжаттағы ақпараттың шынайылығы үшін жауап бермейді. Облигациялар шығарылымы проспектісінің Қазақстан Республикасы заңнамаларының талаптарына сәйкестігі ғана қаралды. Эмитенттің лауазымды тұлғалары осы проспектідегі ақпараттың шынайылығы үшін жауап береді және ондағы барлық ақпарат шынайылығын және эмитентке және оның облигацияларына қатысты инвесторларды шатастырмайтындығын растайды.

Астана қ., 2012 ж.

1. Осы облигациялар шығарылымы «Аграрлық несие корпорациясы» акционерлік қоғамының (бұдан әрі – Эмитент) екінші облигациялық бағдарлама проспектісіне сәйкес жүзеге асырылады.

2. Облигациялық бағдарлама туралы мәліметтер:

1) облигациялық бағдарлама проспектісінің мемлекеттік тіркелген күні:

облигациялық бағдарламаның проспектісі мемлекеттік тіркеу жасалған алғашқы күні - 18 наурыз 2011 ж.;

куәлік қоғамның тұрғын жерінің өзгеруіне байланысты ауыстырылды, облигациялық бағдарламаның проспектісі мемлекеттік тіркеу жасалған күні – 20 желтоқсан 2011 ж.

2) шеңберінде шығарылым жүргізілетін облигациялық бағдарламаның ақша түріндегі көлемі:

6 000 000 000 (алты миллиард) теңге;

3) облигациялар шығарылымының реттік нөмірі:

екінші;

4) алдыңғы облигациялар шығарылымы туралы мәлімет (уәкілетті органда шығарылымды тіркеу күні, облигациялар саны, аталмыш облигациялық бағдарлама шегінде әрбір шығарылым бойынша жеке номиналдық құн бойынша шығарылым көлемі және орналастырылған облигациялар саны):

- облигациялық бағдарлама шегінде бірінші шығарылымның уәкілетті органда мемлекеттік тіркеу жасалған күні - 18 наурыз 2011 ж.;

- куәлік қоғамның тұрғын жерінің өзгеруіне байланысты ауыстырылды, облигациялық бағдарлама шегінде бірінші шығарылымның мемлекеттік тіркеу жасалған күні – 20 желтоқсан 2011 ж.

- ҰБН - KZP01Y03D951;

- облигациялық бірінші шығарылымның мөлшері – 3 000 000 дана;

- шығарылым мөлшерінің номиналдық құны – 3 000 000 000 теңге;

- орналастырылған облигациялар мөлшері – 2 400 000 дана.

5) облигациялық бағдарлама шегінде бұрын шығарылған облигациялар оларды ұстаушыларға беретін құқықтары, оның ішінде шектеулер (ковенант) бұзылған кезде іске асырылатын және ұстаушылардың аталмыш құқықтарды іске асыру тәртібін көрсете отырып, ұстаушыларымен жасалған бағалы қағаздарды сатып алу-сату туралы шарттарда көзделген құқықтар:

Облигациялық бағдарлама аясында бұрын шығарылған облигациялар оларды ұстаушыларға беретін құқықтары:

а. Облигациялар айналысының басталу күнінен бастап 3 (үш) жылдан соң облигациялар өтелген жағдайда, соңғы сыйақыны бір мезгілде төлеумен кесімді құнды алу құқығы;

б. Облигациялардың шығарылымы проспектісінде белгіленген мерзімде облигациялар бойынша сыйақы алу құқығы;

с. Оған тиесілі облигацияларды еркін иелену құқығы;

д. Облигациялар шығарылымы проспектісімен немесе оның көшірмесімен танысу құқығы;

е. Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес облигацияларға меншік құқығынан туындайтын басқа құқықтар.

f. Облигацияларды ұстаушының облигацияларды мерзімнен бұрын өтеуін талап ету құқығы көзделмеген.

Аталмыш облигациялық бағдарлама шегінде Эмитент Директорлар кеңесінің шешімімен және Облигациялардың бірінші шығарылымы проспектісімен шектеулер (ковенанттар) көзделмеген.

Эмитеттің шығарылған облигациялар аясында облигациялар шығарылымы проспектісінің және ұстаушылармен жасалған бағалы қағаздарды сатып алу-сату туралы шарттардың талаптарына сәйкес ұстаушылардың құқықтары бұзылмаған.

3. Шығарылымның құрылымы

1) облигациялар түрі: қамтамасыз етілмеген купондық;

2) шығарылатын облигациялардың саны және номиналдық құны бойынша шығарылатын облигациялардың жалпы көлемі:

шығарылатын облигациялардың саны – 3 000 000 (үш миллион) дана;
номиналдық құн бойынша шығарылатын облигациялардың жалпы көлемі – 3 000 000 000 (үш миллиард) теңге;

3) бір облигацияның номиналдық құны: 1 000 (бір мың) теңге.

4) облигациялар бойынша сыйақы:

▪ **облигациялар бойынша сыйақы ставкасы:**

облигациялар бойынша сыйақы ставкасы облигациялар айналысының бүкіл мерзіміне белгіленген болып табылады және облигациялардың номиналдық құнынан жылдық 7 (жеті) пайызды құрайды.

▪ **сыйақыны есептеу басталатын күн:**

сыйақыны есептеу басталатын күн облигациялар айналысы басталған күн болып табылады. Сыйақыны есептеу айналыстың барлық кезеңі ішінде жүргізіледі және Облигацияларды өтеу күні алдында келетін күні аяқталады.

▪ **сыйақы төлеу мерзімділігі және күні:**

Облигациялар бойынша сыйақыны төлеу бүкіл айналыс мерзімі ішінде уақыт базасын жылдағы 360 (үш жүз алпыс) күн және айдағы 30 (отыз) күн есебінен жүргізіледі. Облигациялар бойынша сыйақыны төлеу жылына екі рет, облигациялар айналысы басталған күннен бастап әрбір алты ай сайын облигациялар айналысының бүкіл мерзімі ішінде жүргізіледі.

▪ **сыйақы төлеу тәртібі және талаптары (егер инвестор Қазақстан Республикасының бейрезиденті болса, төлем валютасы және айырбастау бағамы көрсетіледі):**

Купондық сыйақыны төлеу облигацияларды ұстаушылар тізілімін белгілеген күннен кейін келетін күннен соң 10 (он) жұмыс күні ішінде ұстаушылардың ағымдағы шоттарына теңгелей ақша аудару жолымен жүргізіледі. Облигацияларды ұстаушылар тізілімі тиісті купондық кезеңнің соңғы күннің басталған кезіне белгіленеді.

Егер инвестор Қазақстан Республикасының бейрезиденті болса, купондық сыйақы осы инвестордың теңгелей шоты болған жағдайда, теңгелей төленетін болады. Инвестордың жазбаша сұранысы негізінде төлем Қазақстан Республикасы Ұлттық банкінің төлем күніне ресми бағамы бойынша басқа валютада жүргізілуі мүмкін. Басқа валютаға айырбастау инвестордың есебінен іске асырылатын болады.

▪ **сыйақы есептеу үшін қолданылатын уақыт кезеңі:**

Облигациялар бойынша сыйақыны төлеу бүкіл айналыс мерзімі ішінде уақыт базасын жылдағы 360 (үш жүз алпыс) күн және айдағы 30 (отыз) күн есебінен жүргізіледі.

▪ **индекстелген облигациялары шығарған кезде есептердің тәртібі:**

Индекстелген облигацияларды шығарған кезде есептеу тәртібі көзделмеген, себебі облигациялар индекстелген болып табылмайды.

▪ **егер сыйақы ставкасы тұрақты болмаса, оның мөлшерін айқындау тәртібі көрсетіледі:**

Облигациялар бойынша сыйақы ставкасы облигациялардың бүкіл айналыс мерзіміне тұрақты етіп белгіленген болып табылады.

5) облигациялар айналысы және өтеу туралы мәлімет:

▪ **облигациялар айналысының басталу күні:**

Облигациялар айналысының басталу күні «Қазақстан қор биржасы» акционерлік қоғамының бағалы қағаздарының ресми тізіміне облигацияларды кіргізу күні болып табылады.

▪ **облигациялар айналысының мерзімі:**

Облигациялар айналысының басталу күнінен 3 (үш) жыл.

▪ **облигацияларды өтеу талаптары:**

Облигациялар төлемдер төленетін кезеңнің соңғы күні басталғандағы жағдай бойынша облигацияларды ұстаушылардың тізілімдерінде тіркелген облигация ұстаушыларының ағымдағы шоттарына ақша аудару жолымен, облигациялар айналысының кезеңі аяқталған күннен кейін келетін күннен бастап 10 (он) күнтізбелік күні ішінде соңғы купондық сыйақыны бір мезгілде төлеумен облигациялардың номиналдық құны бойынша өтеледі.

▪ **облигацияларды өтеу күні:**

Облигациялар айналысы басталған күннен бастап 3 (үш) жыл өткен соң өтеледі;

▪ **облигацияларды өтеу жүргізілетін орын (орындар):**

«Аграрлық несие корпорациясы» АҚ, Қазақстан Республикасы, 010000 Астана қаласы, «Алматы» ауданы, Иманов көшесі, 11, «Нұрсаулет-1» бизнес-орталығы.»

▪ **облигацияларды өтеу тәсілі:**

Негізгі борыш сомаларын өтеу және сыйақыны төлеу облигацияларды ұстаушылар тізілімінің деректеріне сәйкес облигацияларды ұстаушылардың ағымдағы шоттарына ақша аудару жолымен іске асырылатын болады.

б) облигациялар бойынша қамтамасыз ету:

Облигациялар қамтамасыз етілмеген болып табылады.

7) облигацияларды ұстаушылардың өкілі туралы мәлімет:

Облигациялардың осы шығарылымы бойынша ұстаушы өкілі қызметін «Асыл Инвест» АҚ көрсетеді, мекен жайы:

Алматы қ., Байтұрсынов к., 132 «Б»; тел.: (+7 727) 300-43-00; 300-43-01; облигациялардың ұстаушы өкілі қызметін атқару шарттың нөмірі және күні - № 4 24.10.2012 ж.)

8) тіркеуші туралы мәлімет (атауы, орналасқан жері, телефондар нөмірі, бағалы қағаздарды ұстаушылардың тізілім жүйесін жүргізу бойынша қызмет көрсетуге шарттың күні мен нөмірі):

Тіркеуші атауы: «Бағалы қағаздарды тіркеу жүйесі» акционерлік қоғамы.

Орналасқан жері: Қазақстан Республикасы, 050026, Алматы қ., Әуезов ауданы, Астана ықшамауданы, 8а үйі, телефондары: 8 (727) 333-40-14, 333-40-10.

Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігімен берілген 10.03.2005 жылғы лицензияның № 0406200345 29.03.2001 ж. Тізілім жүргізу шартының №001-А-33.

9) облигацияларды орналастыруда қатысатын ұйымдар туралы мәлімет:

Облигациялардың осы шығарылымы бойынша андеррайтер қызметін «Банк ЦентрКредит» АҚ еншілес ұйымы «BCC Invest» АҚ көрсетеді, Алматы қ., Шевченко к., 100; андеррайтер қызметін атқару шарттың нөмірі және күні - № А-07-10/12 24.10.2012 ж.

10) төлем агенті туралы мәлімет:

Төлем агенті көзделмеген. Облигациялар бойынша купондық сыйақы мен кесімді құнды төлеу оларды өтеген жағдайда, «Аграрлық несие корпорациясы» АҚ облигацияларды ұстаушылардың шоттарына ақша аудару жолымен еркін түрде жүзеге асырады.

11) облигацияның оның ұстаушысына беретін құқықтары:

a. Облигациялар айналысының басталу күнінен бастап 3 (үш) жылдан соң облигациялар өтелген кезде соңғы сыйақыны бір мезгілде төлеумен номиналдық құнды алу құқығы;

b. Осы Облигациялар шығарылымы проспектісінде белгіленген мерзімде облигациялар бойынша сыйақы алу құқығы;

c. Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес облигацияларға меншік құқығынан туындайтын басқа құқықтар.

d. Облигацияларды ұстаушының облигацияларды мерзімнен бұрын талап ету құқығы көзделмеген.

e. Қазақстан Республикасының заңнамасымен көзделген тәртіппен ақпарат алу құқығы;

f. Қазақстан Республикасының заңнамасымен және Проспектімен көзделген жағдайларда және тәртіпте өз талаптарын қанағаттандыру құқығы;

g. еркін иесіздендіру және өзге түрмен облигацияларды иелену құқығы;

h. облигацияларды ұстаушының осы Проспектімен көзделген жағдайларды қоспағанда, облигацияларды өтеуін төлеп алуды талап етуге құқығы жоқ.

11-1) басталуы бойынша Эмитенттің облигациялары бойынша дефолт хабарлануы мүмкін оқиғалар:

Облигациялар бойынша дефолт – бұл осы Проспектіде белгіленген облигациялардың сыйақысы мен номиналдық құнын төлеу мерзімі аяқталған күннен кейінгі күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде пайыздық сыйақыны, номиналдық құнды және соңғы пайыздық сыйақыны төлеу немесе толық төлеу. Эмитенттің кінәсі бойынша облигациялардың пайыздық сыйақысын немесе номиналдық құнын төлеу кешіктірілген жағдайда, Эмитент облигация ұстаушыларына ақшалай міндеттемені немесе оның бөлігін орындау күніне Қазақстан Республикасы Ұлттық банкінің қайта қаржыландыруының ресми ставкасы бойынша мерзімі өткен әрбір күн үшін өсімақы төлейді.

Эмитент, егер бұл орындамаушылық күші еңсерілмейтін жағдайдың салдары болса, осы Проспект бойынша өз міндеттемелерін ішінара немесе толық орындамағаны үшін жауапкершіліктен босатылады. Күші еңсерілмейтін жағдайлар деп, болуын алдын ала білу немесе болдырмау мүмкін емес жағдайлар (апат, әскери іс-әрекеттер және т.б.) ұғынылады. Күші еңсерілмейтін жағдайлар болған кезде, Эмитенттің осы Проспект бойынша өз міндеттемелерін орындау мерзімі осындай жағдайлар мен олардың салдары болған уақыт кезеңіне мөлшерлес кейін қалдырылады.

Осы Проспектпен бекітілген міндеттеме орындау күніне 3 (үш) күн қалғанда Эмитент облигация ұстаушыларға Эмитенттің www.agrocredit.kz ресми сайтында, «Қазақстан қор биржасы» АҚ ресми сайтында www.kase.kz, сонымен қатар «Егемен Қазақстан» газетінде хабарламаны, оның ішінде:

- дефолт фактісі туралы ақпаратты;
- дефолт күніне Эмитенттің орындалмаған міндеттемелер көлемін;
- орындалмаған міндеттемелер себептерін;

- өзінің талаптарын қанағаттандыру бойынша облигациялар ұстаушыларының мүмкін іс-әрекеттерін атау, Эмитентке талап қойып, өтініш жасау тәртібі мен мерзімін қоса;

- Эмитенттің шешімі бойынша өзге де ақпаратты орналастыру арқылы хабарлайды.

Көрсетілген ақпаратты ашу өзге заңды тұлғаға тапсыру қарастырылмаған.

Дефолт жағдайы болған жағдайда Эмитент облигацияларды ұстаушылардың құқықтарын қамтамасыз ету мақсатында Дефолт оқиғасын тудырған себептерді жою бойынша іс-шаралар жоспарын әзірлейді және Эмитенттің тиісті органы оны бекітеді.

Эмитент бір немесе бірнеше дефолт оқиғасы болған күннен 30 (отыз) жұмыс күні ішінде дефолт оқиғасын тудырған себептерді жою үшін барлық мүмкін іс-шараларды қолдануға міндетті (күші еңсерілмейтін жағдайлардың салдары болған оқиғаларды қоспағанда). Бұл себептер көрсетілген мерзімде жойылмаған жағдайда, Эмитент облигацияларын ұстаушылар Эмитент берешекті төлеу бойынша міндеттемелерді орындамаған барлық мерзім ішінде облигацияларды мерзімнен бұрын сатып алу туралы талапты Эмитентке жолдау арқылы Эмитенттен облигацияларды мерзімнен бұрын сатып алуды талап етуге құқылы.

Эмитент облигацияларды ұстаушылардың талабы бойынша жинақталған сыйақы және купондық сыйақы мен негізгі борыштың мерзімі өткені үшін өсім есебімен облигациялардың кесімді құнына тиісті баға бойынша облигацияларды өтеуін төлеп алуға міндетті.

Эмитент облигациялар бойынша міндеттемелерді орындамаған немесе тиісінше орындамаған жағдайда, эмитенттің міндеттемелері бойынша ортақ немесе жәрдем қаражат жауапкершілігі бар тұлғалар – жоқ.

12) Эмитенттің облигациялар шығарылымын мерзімінен бұрын өтеу құқығы:

1. «Аграрлық несие корпорациясы» АҚ Директорлар кеңесі шешімінің негізінде, егер өзгесі Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерімен және (немесе) Эмитенттің Жарғысымен белгіленбесе, ұйымдасқан нарықта облигациялар айналысқа түскен күннен бастап 1 (бір) жылдан ерте емес кесімді құн бойынша облигацияларды мерзімінен бұрын өтеуге құқығы бар. Облигацияларды мерзімінен бұрын өтеудің талаптарын, мерзімдері мен тәртібін қамтитын облигацияларды мерзімінен бұрын өтеу жөніндегі хабарлама облигацияларды мерзімінен бұрын өтеудің басталуын ресми жариялаған күнге дейін 30 (күнгізбелік) күн бұрын «Қазақстан қор биржасы» АҚ www.kase.kz сайтында және Эмитенттің www.agrocredit.kz ресми сайтында жарияланатын болады. Облигацияларды мерзімінен бұрын өтеу - облигациялардың мерзімінен бұрын өтелуі алдындағы, олардың айналыстағы соңғы күнінен кейін келетін күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде ақшаны аудару жолымен соңғы жинақталған купондық сыйақыны бір уақытта төлеумен теңгелей кесімді құн бойынша жүзеге асырылады. Кесімді құн мен соңғы сыйақыны алуға облигациялардың мерзімінен бұрын өтелуі алдындағы олардың айналыстағы соңғы күнінің бас кезіндегі жағдай бойынша облигацияларды ұстаушылардың тізілімдері жүйесінде тіркелген тұлғалардың құқығы бар.

Эмитенттің кез келген уақытта ұйымдасқан нарықта облигацияларды сатып алуға құқығы бар. Осылайша сатып алынған облигациялар өтелген болып саналмайды және қайталап орналастырылуы мүмкін.

2. Облигацияларды ұстаушының талабы бойынша Эмитенттің облигацияларды сатып алуы келесі жағдайларда жүзеге асырылады:

- осы Облигациялардың шығарылымы проспектісінің 3-2 тармақтарымен белгіленген шектеулерді (ковенант) бұзған жағдайда.

- Қазақстан Республикасы Бағалы қағаздар туралы Заңының 18-4 бабымен көзделген талаптарды орындамаған жағдайда.

Жоғарыда көрсетілген жағдайлар туындағанда, Эмитент өздігінен осындай жағдайлар туған кезден бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде облигацияларды ұстаушыларды облигацияларды ұстаушылардың өкіліне хабарлау, сондай-ақ «Қазақстан қор биржасы» АҚ www.kase.kz ресми сайтында және Эмитенттің www.agrocredit.kz ресми сайтында Эмитент

облигацияларын сатып алуға әкеліп соғатын жоғарыда көрсетілген оқиғаларды, облигацияларды ұстаушылардың өз талаптарын қанағаттандыру бойынша мүмкін әрекеттерін, Эмитентке талап қойып жүгіну тәртібін қоса мәлімдемелерді жариялау арқылы хабардар етуге міндетті.

Облигацияларды ұстаушы шектеулер (ковенант) бұзылған күннен және жоғарыда көзделген өзге жағдайлардан бастап 30 (отыз) күнтізбелік күн ішінде облигацияларды ұстаушының деректемелерін (заңды және нақты мекенжай, телефондар, электрондық мекежайлар, банктік деректемелер, СТН, жеке тұлға үшін жеке куәліктің мәліметтері) көрсете отырып, еркін түрде өтініш береді.

3. Өтеуді төлеп алу рәсімі Эмитент шектеулерді (ковенантарды) және Бағалы қағаздар рыногы туралы ҚР заңның 18-4 баптың шарттары бұзған жағдайда, облигацияларды ұстаушылар берген өтініштер негізінде ғана өткізілетін болады. Өтеуді төлеп алу үшін өтініш бермеген облигацияларды ұстаушылар осы проспектіде көрсетілген аталмыш шығарылым айналысы мерзімінің аяқталуы бойынша оларға тиесілі облигацияларды өтеуге құқығы бар.

Көрсетілген жағдайлар туындағанда жинақталған сыйақы есебімен облигациялардың кесімді құнына тиісті баға бойынша немесе шаманың қайсысы үлкен болуына байланысты облигациялардың әділ нарықтық бағасы бойынша орналастырылған облигацияларды өтеуін төлеп алуды жүзеге асыруға ұстаушыдан жазбалық талапты алған күннен 100 күнтізбелік күн ішінде міндетті.

Егер облигациялар бойынша міндеттемелерді орындау туралы ұстаушыдан жазбаша талапты алған күннен бастап жоғарыда көрсетілген мерзім (100 күнтізбелік күн) ішінде ол орындалмаса, ұстаушы эмитентке оның міндеттемелері бойынша талап-арызды сотқа жіберуге құқылы.

12-1) Ақпараттың болуын, бұл ақпаратты ашу тәртібін, мерзімі мен тәсілдерін көрсете отырып, Эмитенттің өз қызметі мен қаржылық жай-күйі туралы облигацияларды ұстаушыларды хабардар ету, оның ішінде облигациялар шығарылымының проспектісімен көзделген шектеулерді (ковенант) туралы хабардар ету тәртібі:

Эмитенттің қызметі және қаржылық жай-күйі туралы ақпарат, соның ішінде Эмитенттің аудиторлық қаржы есебі, ковенанттар оындалуы, Эмитенттің www.agrocredit.kz корпоративтік ресми сайтында және «Қазақстан қор биржасы» АҚ ресми сайтында www.kase.kz орналастырылатын болады, мемлекеттік емес бағалы қағаздар листингі шартына сәйкес, Эмитент және «Қазақстан қор биржасы» АҚ арасында жасалған, тағыда www.dfo.kz Қаржы есеп депозитрийдың сайтында Қазақстан Республикасы заңдарына сәйкес орналастырылады, ол ұдайы жаңартылып отырады.

13) Облигацияларды орналастырудан түсетін ақшаны пайдалану туралы мәлімет:

Облигацияларды шығару мен орналастырудан түскен ақша агроөнеркәсіптік кешен субъектілерін кредиттеуге жұмсалатын болады.

Басталғанда, алынған ақшаны жоспарлы бөлуде өзгерістер болуы мүмкін жағдайлар:

Алынған ақшаны жоспарлы бөлуде өзгерістер болуы мүмкін жағдайлар болса, Эмитент облигациялар шығарылымының проспектісіне тиісті өзгерістер енгізеді.

3-1. Облигацияларды өтеу кезіне дейін сыйақы төлемінің әр кезеңі кескінінде сыйақы төлемі мен негізгі борыш сомаларын өтеу үшін қажетті эмитенттің ақшалай қаражаты көздерінің және ағымдарының болжамы

Төменде Эмитент дайындаған, негізгі болжамдар көрсетілген 2013 – 2015 жж. кезеңіне Эмитенттің ақшалай ағымдарының болжамы келтірілген

| Көрсеткіштер (мың тг) | 2012Б ж. | 2013Б ж. 1-ші ж. | 2013Б ж. 2-ші ж. | 2014Б ж. 1-ші ж. | 2014Б ж. 2-ші ж. | 2015Б ж. 1-ші ж. | 2015Б ж. 2-ші ж. |
|---|--------------|------------------|------------------|------------------|------------------|------------------|------------------|
| I. Операциялық қызметтен ақша қаражатының қозғалысы | | | | | | | |
| 1. Ақша қаражатының түсімі, барлығы | 6 568 834 | 2 434 865 | 3 652 298 | 2 560 966 | 3 841 449 | 3 270 088 | 4 905 132 |
| оның ішінде: | | | | | | | |
| басқа түсімдер | 6 568 834 | 2 434 865 | 3 652 298 | 2 560 966 | 3 841 449 | 3 270 088 | 4 905 132 |
| 2. Ақша қаражатының жұмсалуды, барлығы | 3 252 574 | 1 274 080 | 1 911 119 | 1 283 722 | 1 925 582 | 1 372 446 | 2 058 670 |
| оның ішінде: | | | | | | | |
| тауарлар мен қызметтер үшін жеткізушілерге төлемдер | 839 117 | 372 953 | 559 430 | 415 918 | 623 876 | 462 752 | 694 128 |
| еңбек ақы бойынша төлемдер | 1 101 223 | 424 008 | 636 013 | 424 008 | 636 013 | 424 008 | 636 013 |
| қарыздар бойынша сыйақы төлемі | 1 064 634 | 364 594 | 546 891 | 311 708 | 467 563 | 319 875 | 479 812 |
| бюджетке басқа да төлемдер | 247 600 | 112 524 | 168 786 | 132 087 | 198 131 | 165 811 | 248 717 |
| 3. Операциялық қызметтен ақша қаражатының таза сомасы | 3 316 260 | 1 160 786 | 1 741 178 | 1 277 244 | 1 915 867 | 1 897 642 | 2 846 462 |
| II. Инвестициялық қызметтен ақша қаражатының қозғалысы | | | | | | | |
| 1. Ақша қаражатының түсімі, барлығы | 23 670 199 | 8 601 186 | 12 901 779 | 3 589 137 | 5 383 706 | 3 156 594 | 4 734 890 |
| оның ішінде: | | | | | | | |
| басқа ұйымдарға берілген қарыздарды өтеу және басқа да түсімдер | 23 670 199 | 8 601 186 | 12 901 779 | 3 589 137 | 5 383 706 | 3 156 594 | 4 734 890 |
| 2. Ақша қаражатының жұмсалуды, барлығы | 66 839 822 | 24 830 964 | 37 246 446 | 28 151 884 | 42 227 827 | 27 774 412 | 41 661 619 |
| оның ішінде: | | | | | | | |
| негізгі құралдарды сатып алу | 114 635 | 9 553 | 14 330 | 3 014 | 4 520 | 3 254 | 4 882 |
| материалдық емес активтерді сатып алу | 46 764 | 6 752 | 10 129 | 4 700 | 7 050 | 5 076 | 7 614 |
| басқа ұйымдарға қарыз беру | 66 678 423 | 24 814 658 | 37 221 988 | 28 144 171 | 42 216 256 | 27 766 082 | 41 649 123 |
| 3. Инвестициялық қызметтен ақша қаражатының таза сомасы | (43 169 623) | (16 229 778) | (24 344 667) | (24 562 747) | (36 844 121) | (24 617 819) | (36 926 728) |
| III. Қаржылық қызметтен ақша қаражатының қозғалысы | | | | | | | |
| 1. Ақша қаражатының түсімі, барлығы | 48 008 113 | 18 154 026 | 27 231 039 | 25 709 200 | 38 563 800 | 25 910 000 | 38 865 000 |
| оның ішінде: | | | | | | | |
| акциялар мен басқа бағалы қағаздар эмиссиясы | 4 000 000 | 1 951 200 | 2 926 800 | 4 709 200 | 7 063 800 | 4 910 000 | 7 365 000 |
| қарыздар алу | 44 008 113 | 16 202 826 | 24 304 239 | 17 200 000 | 25 800 000 | 17 200 000 | 25 800 000 |

| | | | | | | | |
|---|------------|------------|------------|------------|------------|------------|------------|
| басқа түсілімдер | - | - | - | 3 800 000 | 5 700 000 | 3 800 000 | 5 700 000 |
| 2. Ақша қаражатының жұмсалуды, барлығы | 7 793 507 | 1 900 130 | 2 850 194 | 904 832 | 1 357 248 | 46 834 | 3 075 050 |
| оның ішінде: | | | | | | | |
| қарыздарды өтеу | 7 793 507 | 1 900 130 | 2 850 194 | 904 832 | 1 357 248 | 46 834 | 3 075 050 |
| 3. Қаржылық қызметтен ақша қаражатының таза сомасы | 40 214 606 | 16 253 896 | 24 380 845 | 24 804 368 | 37 206 552 | 24 661 246 | 36 991 870 |
| Барлығы: Ақша қаражатының артуы / төмендеуі | 361 241 | 1 184 904 | 1 777 356 | 1 518 865 | 2 278 298 | 1 941 069 | 2 911 603 |
| Есептік кезеңнің басына ақша қаражаты мен олардың баламалары | 5 120 341 | 5 481 582 | 6 666 486 | 8 443 843 | 9 962 708 | 12 241 006 | 14 182 075 |
| Есептік кезеңнің соңына ақша қаражаты мен олардың баламалары | 5 481 582 | 6 666 486 | 8 443 843 | 9 962 708 | 12 241 006 | 14 182 075 | 17 093 678 |

Проспектінің осы тармағында келтірілген Эмитенттің ақша қаражаты ағымдарының болжамдары болжамдарға, деректерге немесе әдістерге байланысты болады, олар қате болуы немесе дәл болмауы мүмкін және іске асыруға келмейтін болуы мүмкін, және әртүрлі факторларға байланысты өзгертуге тиіс, мемлекеттік реттеудегі мемлекеттік өзгерістерді, салық талаптарындағы өзгерістерді (салық ставкаларының өзгеруі, жаңа салықтық заңдарды және салық заңнамасының түсіндірмесін қайта қарауды қоса), пайыздық ставкаларының, айырбастау бағамының және басқа нарықтық талаптарының өзгеруін, экономикалық және саяси талаптардағы өзгерістерді, және басқа белгісіз перспективаларды қоса.

Эмитент жаңа ақпараттың пайда болуының, келешек оқиғалардың немесе басқа негіздеулердің салдарынан осы Шығарылым проспектісінде ашылатын қандай да болжалды деректерді жаңартуға немесе қайта қарауға міндетті емес және ондай ниеті жоқ. Перспективалар туралы барлық кейінгі жазбаша немесе ауызша өтініштер және/немесе Эмитентке немесе Эмитент атынан әрекет ететін басқа тұлғаларға артылған болжамдар өз тұтастығында осы Эмиссия проспектісінің толық мәтіні бойынша мазмұндалған алдын ала сақтандырушы өтініштермен шектелген. Аталмыш тәуекелдер, белгісіздіктер мен болжамдар салдарынан облигацияларды әлеуетті сатып алушылар перспективалар туралы аталмыш өтініштерге сенбегуге тиіс.

3-2. Эмитент қабылдайтын шектеулер (ковенанттар) (егер бұл эмитент органының облигациялар шығару туралы шешімімен көзделсе):

1) «Қазақстан қор биржасы» АҚ және облигациялар эмитенті арасында жасалған листинг туралы шартпен белгіленген жылдық және аралық қаржы есебін ұсыну мерзімдерін бұзуына жол бермеуге;

2) «Қазақстан қор биржасы» АҚ және облигациялар эмитенті арасында жасалған листинг туралы шартпен белгіленген облигациялар эмитентінің жылдық қаржы есебі бойынша аудиторлық есептерді ұсыну мерзімін бұзуына жол бермеуге.

Осы Проспектімен көзделген шектеулерді (ковенант) бұзуы туралы хабарландыруды осы Проспектінің 12-1) тармағының 3. тармақшасында көрсетілген тәртіппен Эмитент жүзеге асырады.

Жоғарыда көрсетілген шектеулердің (ковенант) кез келгенін бұзған жағдайда, Эмитент пен облигацияларды ұстаушылар әрекеттерінің тәртібі осы Проспектің 12) тармағының 3. тармақшасында реттеледі.

4. Опциондар туралы ақпарат:

Опциондар көзделмеген.

5. Айырбасталатын облигациялар

Облигациялар айырбасталмайды;

6. Облигацияларды орналастыру тәсілі

1) облигацияларды орналастыру мерзімі мен тәртібі:

Облигациялар айналысының басталу күні «Қазақстан қор биржасы» акционерлік қоғамының ресми тізіміне облигацияларды кіргізу күні болып табылады. Облигациялар бүкіл айналыс мерзімі ішінде орналастырылатын болады. Облигациялар ұйымдастырылған және ұйымдастырылмаған бағалы қағаздар нарығында орналастырылатын болады.

2) акцияға айырбасталатын облигацияларды орналастырған кезде, айырбастау талаптары көрсетіледі:

Облигациялар айырбасталмайды.

3) облигациялары төлеу талаптары және тәртібі:

Облигацияларды «Қазақстандық қор биржасы» АҚ сауда алаңында мамандандырылған сауда-саттық арқылы орналастырылған кезде облигацияларды төлеу «Қазақстандық қор биржасы» АҚ ішкі ережесіне сәйкес жүргізіледі.

Басқарма төрағасы



Н. Малелов

Бас бухгалтер

И. Зайтуллаева


«Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің
Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын
бақылау мен қадағалау комитеті»

Маш

ТІРКЕДІ

20 *12* ж. *22* қараша

Прошито и пронумеровано
Председатель Правления
АО «Аграрная кредитная
корпорация»



на 143 листах

Н. Малегов